



Екінші облигациялық бағдарлама аясындағы мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымының ПРОСПЕКТІСІ

Эмитенттің толық атауы: «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

Эмитенттің қысқартылған атауы: «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарлама, облигациялық бағдарлама аясында мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дұрыстығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпараттың Эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты дұрыс және инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналысы кезеңінде Эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар рыногында ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.

Астана қ., 2023 ж.



1. Осы облигацияларды шығару «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні:

2022 жылғы 21 ақпан.

2) облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі:

Шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңгені құрайды.

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде:

Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы облигациялардың бірінші шығарылымы туралы мәліметтер.

• *облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні:*

2022 жылғы 21 ақпан;

• *облигациялардың түрі және саны:*

кепілсіз 20 000 000 (жиырма миллион) купондық облигациялар;

• *шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі:*

20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге;

• *орналастырылған облигациялар шығарылымының саны:*

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші шығарылым облигациялары орналастырылмаған;

• *облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:*

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші шығарылым облигациялары орналастырылмаған;

• *осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:*

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші шығарылымның облигациялары орналастырылмаған, осыған байланысты ол бойынша сыйақы есептелмеген және төленбеген;

• *сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:*

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші шығарылым облигациялары сатып алынбады;

• *эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:*

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші шығарылымның облигациялары орналастырылмаған, осыған байланысты осы шығарылымның облигацияларын ұстаушылар жоқ;

• *облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі:*

Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші шығарылым облигацияларын орналастыру не олардың айналысы тоқтатылмады (қайта басталмады);

• *облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда:*

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші шығарылым облигациялары айналыста болмайды;

• *ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары:*

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші шығарылым облигациялары айналыста болмайды.



Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы облигациялардың екінші шығарылымы туралы мәліметтер.

• облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні:

2022 жылғы 18 наурыз;

• облигациялардың түрі және саны:

кепілсіз 40 000 000 (қырық миллион) купондық облигациялар;

• шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі:

40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге;

• орналастырылған облигациялар шығарылымының саны:

40 000 000 (қырық миллион) облигациялар;

• облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:

40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге;

• осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы облигациялардың екінші шығарылымы бойынша есептелген сыйақы сомасы 7 629 444 445 теңгені құрайды.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы облигациялардың екінші шығарылымы бойынша төленген сыйақы сомасы 6 200 000 000 теңгені құрайды.

• сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы екінші шығарылым облигациялары өтелмеген;

• эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы Эмитенттің екінші шығарылым облигацияларын ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер жоқ;

• облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі:

Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы екінші шығарылым облигацияларын орналастыру не айналысқа жіберу тоқтатылмады (қайта басталмады);

• облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда:

осы проспектіні жасау күніне Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы екінші шығарылым облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналысқа түседі.

ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары:

Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы екінші шығарылым облигацияларын ұстаушылардың мынадай құқығы бар:

- Облигациялар проспектісінде қарастырылған мерзімдерде облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу;

- Облигациялар проспектісінде қарастырылған мерзімде сыйақы алу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Эмитенттің ішкі қағидаларында және Биржа талаптарында қарастырылған тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;

- Облигацияларды еркін түрде иеліктен шығару және оларға өкім ету;



- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, оның ішінде Облигациялар проспектісінде қарастырылған ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуын талап ету;

- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі. Облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болатын жағдайда, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі:

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар (бұдан әрі – «Облигациялар»).

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Облигациялардың номиналды құны тіркелген шама болып табылады және 1 000 (бір мың) теңгеге тең.

3) облигациялар саны:

40 000 000 (қырық миллион) дана.

4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге.

5) облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – Қазақстан теңгесімен көрсетілген.

Барлық төлемдерді (сыйақы төлемдері мен негізгі борыш сомаларын) Эмитент қолма-қолсыз ақша тәртібімен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша борыштың және (немесе) есептелген сыйақының негізгі сомасын төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болмаған жағдайда, Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын және (немесе) есептелген сыйақыны төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені тек АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау Эмитентке қызмет көрсететін банк төлемді жүзеге асыру күніне белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау тиісті төлем жүргізілетін Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені кез келген шетел валютасына айырбастауға жол берілмейді.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыға аударылуға тиіс сомадан ұсталатын болады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Облигацияларды төлеу қолма-қолсыз ақша нысанында ақшамен жүзеге асырылады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы;

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналысының бүкіл мерзімінде өзгермелі болып табылады.

Купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесі TONIA Compounded көрсеткіші мен тіркелген маржа сомасынан қалыптастырылады.

TONIA Compounded келесідей есептеледі:

$$(TONIA\ Index.End / TONIA\ Index.Start - 1) \times (365/dc),\ мұнда:$$

«dc» TONIA Index.Start (қоса алғанда) және TONIA Index.End үшін Индекстерді анықтау күндері арасындағы есептік кезеңдегі күнтізбелік күндердің нақты санын білдіреді;



«Сыйақыны есептеу кезеңі» сыйақыны төлеудің алдыңғы күнін (немесе сыйақыны төлеудің алдыңғы күні болмаса, облигациялар айналысының басталу күнін) қоса алғанда, сыйақыны төлеудің келесі күніне дейін (немесе сыйақыны есептеудің соңғы кезеңі болған жағдайда, өтеу күні) кез келген күнтізбелік күнге қатысты «TONIA Index» жарты жылдық кезеңді білдіреді, «TONIA compounded Index (TCI)» мағынасы, Қазақстан қор биржасы («KASE») TONIA анықтамалық ставкасының әкімшісі ретінде KASE ресми сайтының тиісті бетінде сағат 20:00-ден кешіктірмей (Астана қаласының тиісті күнгі уақыты) жариялайды;

«TONIA Index.End» (i) тиісті Пайыздық кезеңге қатысты Сыйақы төлеу күніне немесе (ii) соңғы купондық кезең жағдайында, Облигацияларды өтеу күні («Индексті анықтау күні») алдындағы күнтізбелік жеті күн алдындағы TONIA индексінің мәнін білдіреді;

«TONIA Index.Start» TONIA индексінің қолданыстағы өтемақы кезеңінің бірінші күніне дейін күнтізбелік жеті күн бұрын («Индексті анықтау күні») мәнін білдіреді.

Тіркелген маржаның мөлшері оның ішкі ережелеріне сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда – саттықты өткізу қорытындылары бойынша айқындалатын болады. Ағымдағы купондық кезеңге арналған купондық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпаратты Эмитент облигацияларды ұстаушылардың назарына «Қазақстан қор биржасы» АҚ арқылы сыйақы төлеудің тиісті күнінің алдындағы күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей жеткізеді.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы төлеу көзделмеген.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн:

Сыйақыны есептеу Облигациялар айналысы басталған күннен бастап Облигациялар өтеле бастаған күнге дейін жүзеге асырылады.

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – Тіркеу күні) төленеді. Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде аудару жолымен жүзеге асырылады. Купондық сыйақы номиналды құнның және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің (купондық сыйақының екіге бөлінген жылдық мөлшерлемесі) туындысы ретінде есептеледі. Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы негізінде жүргізілетін болады.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсу шарттары мен болжамды мерзімдері;

2) облигацияларды ұстаушыларға базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы ақпарат беру тәртібі және кредиторлар өкілдерін арнаулы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктерінің тәртібі;

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық басқаруға байланысты шығыстарының тізбесі;

4) бір облигациялық бағдарлама аясында шығарылған түрлі шығарылымдардың сыйақысын төлеу және облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама аясындағы жеке меморандумда көрсетіледі);

5) арнайы қаржы компаниясының банкроттығы кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.



Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы емес.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) *оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;*

2) *оригинатордың секьюритилендіру мәмілесіндегі қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;*

3) *бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша талап ету құқықтарының сипаттамасы, ақша түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;*

4) *бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;*

5) *талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары;*

6) *бір облигациялық бағдарлама аясында шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларына сыйақы төлеу және өтеу тәртібі мен кезектілігі;*

7) *арнайы қаржы компаниясының банкроттығы кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.*

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы емес.

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі:

1) *облигацияларды орналастырудың басталу күні:*

Облигацияларды орналастыру Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі.

2) *облигацияларды орналастырудың аяқталу күні:*

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні болып табылады.

3) *облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногы):*

Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногына орналастыру жоспарлануда.

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

1) *облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні:*

Облигациялар айналысының басталу күні Алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні болып табылады.

Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын болады (www.kase.kz).

2) *облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды):*

Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін Облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні.

3) *облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды):*

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жылды құрайды.

4) *облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):*

Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында айналысқа түседі.

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:

1) *облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды):*

1. Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Эмитент соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны «Бағалы қағаздардың орталық депозитарий» АҚ-да Облигацияларды өтеуге арналған соманы есепке аудару үшін ашылған шотқа әрбір Облигация ұстаушыға төленуге тиіс сома туралы ақпаратты қамтитын Облигацияларды ұстаушылар тізімін қоса бере отырып аударды;

2. Осы шарттармен белгіленген Облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күнге дейінгі



екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде не өзге мерзімде, егер өзге мерзім Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актісінде белгіленген болса, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарий» АҚ Эмитенттен алынған ақшаны Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аударуды жүзеге асырады.

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды):

Негізгі борыш сомасы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінің басында (Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) төленеді.

Облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу қолма-қолсыз ақша тәртібімен жүзеге асырылады.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі:

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары:

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз Облигацияларын ұйымдасқан және (немесе) ұйымдастырылмаған нарықтарда олардың айналысының толық мерзімі ішінде сатып алуға құқылы.

Эмитент Облигацияларды ішінара не толық сатып алуды, оның ішінде оларды жою мақсатында (толық сатып алу жағдайында) жүзеге асыра алады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында), сатып алу шарттары мен мерзімі Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалатын болады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды сатып алынатын Облигациялар ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауы тиіс.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі:

Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Эмитенттің (www.fcc.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми корпоративтік интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Хабарламада Облигацияларды сатып алуды жүргізу тәртібі, шарттары мен сатып алу жүргізілетін күн сипатталуы керек.

Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылғаннан кейін орналастырылған (сатып алынған облигацияларды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес Биржаның интернет-ресурсында айқындайды.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялар айналысының толық мерзімі ішінде Эмитент мынадай қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы керек:

- Эмитенттің қарыз міндеттемелері, оның ішінде Эмитенттің синдикатталған және (немесе) жария борыштық қаржы құралдары бойынша мерзімі өткен берешек мөлшерінің 3 000 000 000 (үш миллиард) теңгеден (немесе тиісті міндеттемені орындау мерзімі өтіп кеткен күнгі



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша басқа валюталардағы олардың баламасынан) асып кетуіне жол бермеу;

- Эмитент активтерінің жиынтық баланстық құнының 10 (он) пайызынан астамын құрайтын және Эмитенттің соңғы аяқталған есепті кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген ақша қаражатының сомасын Эмитенттен өндіріп алу туралы құзыретті сот (құзыретті соттар) және (немесе) аралық сот (аралық соттар) шешімінің заңды күшіне енуіне жол бермеу;

- Эмитенттің жалғыз акционері болып табылатын Қазақстан Республикасы (Қазақстан Республикасының Үкіметі) тарапынан Эмитентке тікелей бақылаудың жойылуына жол бермеу (Эмитент акцияларының 100%-ын иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асырады). Бұл ретте «Тікелей бақылау» деп Эмитентті жоғары басқару органында Эмитентке 50% - дан астам дауыстың қатысуына байланысты тікелей өкім ету құқығы түсініледі. Күмәндандуды болдырмау үшін Эмитенттің акцияларын иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының қандай да бір өзге министрлігіне беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің Эмитентке Тікелей бақылауды жоғалтуы болып табылмайды. Шарт Облигация ұстаушылардың кез келгені оның басталғанын білген немесе білуі керек кезден басталады деп саналады. Атап айтқанда, Эмитенттің тиісті шарттың басталуы туралы ақпаратты айқындау сәті осындай сәт болып саналуы керек. Егер Эмитент көрсетілген ақпаратты e-disclosure парақшасында және Қазақстандағы қандай да бір жариялау сайтында әртүрлі күндерде айқындаса, олардың ең алғашқысы осы шарттың басталу күні болып саналады.

- Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және (немесе) Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;

- Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және (немесе) Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

2) *ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі*

Осы проспектіде қарастырылған шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.fcc.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарлама орналастыру арқылы бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Облигацияларды ұстаушылардан сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі жинақталған және (немесе) есептелген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша немесе Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша қандай шама үлкенірек болып табылатынына байланысты Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Эмитенттің (www.fcc.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабардар етеді.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

3) *ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі:*

Осы проспектіде қарастырылған шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені хабарланған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Эмитентке Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап беру арқылы өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:



- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; берілген күні және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті (анықтаманы) берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алынуы тиіс Облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алынуы тиіс Облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді. Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі. Облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.

Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат Эмитенттің айналым капиталын толықтыруға және қаржылық міндеттемелерді өтеуге/қайта қаржыландыруға бағытталатын болады.

Облигациялар «жасыл», әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, сондай-ақ орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға жұмсалатын тұрақты даму және инвестициялық облигацияларға байланысты облигациялар болып табылмайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигацияларды төлеу Эмитенттің бұрын орналастырылған облигациялары бойынша талап ету құқықтары арқылы жүзеге асырылмайды.

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:



1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы

Облигация ұстаушылар:

- Облигациялар проспектісінде қарастырылған мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алуға;
- Облигациялар проспектісінде қарастырылған мерзімдерде сыйақы алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Эмитенттің ішкі қағидаларында және Биржа талаптарында қарастырылған тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығаруға және өкім етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, оның ішінде Облигациялар проспектісінде қарастырылған ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуын талап етуге құқылы;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы:

Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған негіздер басталған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы мынадай бағалардың ең үлкені бойынша жүзеге асырылады:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;
- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

Егер Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген кез келген шарттың бұзылуына жол берген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген кез келген шарттың бұзылуына жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған сатып алу негіздерінің кез келгені туындаған жағдайда Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.fcc.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларын сатып алу туралы хабарлайды, оның ішінде: (i) Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы туындағаны туралы ақпарат; (ii) Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-әрекеттерін, оның ішінде Эмитентке қойылатын талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін атау; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалар басталған кезде Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені тиісті хабарлама алғаш жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке (орналасқан жерінің мекенжайы бойынша) Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап жолдау арқылы өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың біріншісін алғаннан кейін Эмитент осындай талапты алған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмейтін сатып алу күнін айқындайды және Эмитенттің (www.fcc.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында тиісті хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабардар етеді.



Ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар қоймаған облигациялар осы проспектіде қарастырылған тәртіппен Облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

Эмитент осы проспектіде қарастырылған ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, сондай-ақ Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитенттің ұстаушыларға тиесілі Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығын Облигацияларды ұстаушылардың іске асыру шарттары, тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің тиісінше 12 және 20-тармақтарында қарастырылған.

3) өзге де құқықтар:

Жок.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

Дефолт - Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») Эмитенттің осы проспектіде қарастырылған негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері өткеннен кейін Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамауы болып табылады.

Егер мұндай төлемеу не толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкін етпейтін Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының нақты емес не толық емес деректемелерін алуы не "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" АҚ-ның Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде Облигацияларды ұстаушылар тізілімін ұсынбауы нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды осы проспектіде белгіленген мерзімдерде төлемеуі не толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне мөлшерлес түрде кейінге қалдырылады.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны ескерумен Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту мәселелері енгізілуге тиіс, ол Облигациялардың көлемін не ұстаушылар сатып алуға мәлімдеген Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын және (қажет болған жағдайда) Облигациялар шығару проспектісіне енгізілуі мүмкін өзгерістер жобасын ескере отырып,



жасалуға тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өз төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ, егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада қарастырылған мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу және Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың одан арғы іс-қимылдары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, қабылдайды.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушыларды Эмитенттің (www.fcc.kz) және Биржаның (www.kase.kz) корпоративтік интернет-ресурстарында Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) корпоративтік интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарлама орналастыру арқылы, осындай ақпарат түрі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Биржа қағидаларында қарастырылған мерзімдерде Дефолт оқиғасы туралы хабардар етеді. Хабарламада мыналар болуы керек:

- 1) дефолт фактісі туралы ақпарат;
- 2) дефолт туындаған күнге Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- 3) Дефолт оқиғасына әкелген міндеттемелердің орындалмау себептері;
- 4) Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарын, оның ішінде Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімдерін атау;
- 5) Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- 6) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Көрсетілген ақпаратты жария етуді өзге заңды тұлғаға тапсыру қарастырылмаған. Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар жоқ.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні:

Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен жасалған шарт жоқ.



21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.

Эмитенттің ақша қаражаты көздері мен ағындарының болжамы осы проспектінің №1 қосымшасында берілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Облигация ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

Эмитенттің Облигациялар шығару бойынша қаржылық консультанті «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы болып табылады. «Фридом Финанс» АҚ-ның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 2 қазанда берген № 3.2.238/15 бағалы қағаздар рыногында қызмет жүргізуге арналған лицензиясы бар.

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, н. т. 3а.

Телефон нөмірі: +7 (727) 311-10-64, 311-10-65.

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі:

Қаржы консультантінің қызмет көрсетуі туралы 2023 жылғы 24 шілдедегі № ФФ-24072023 шарт.

4) Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.:

Эмитент Облигациялар шығарған кезде өзге консультанттар тартылған жоқ.

**Басқарушы директор-
Басқарма мүшесі**

Н. Карнакова



№1 қосымша

Эмитенттің ақша қаражаттарының көздері мен ағындарының болжамы

Күні	2023 жылғы 2-жартыжылдық	2024 жылғы 1-жартыжылдық	2024 жылғы 2-жартыжылдық	2025 жылғы 1-жартыжылдық	2025 жылғы 2-жартыжылдық	2026 жылғы 1-жартыжылдық	2026 жылғы 2-жартыжылдық
ТҮСІМ	134 417 181	131 619 818	61 545 321	81 752 468	71 240 795	71 986 691	80 311 735
Астық сатудан түскен түсім	38 553 670	50 506 474	46 823 651	52 807 172	60 562 004	63 536 248	57 708 186
Тарту (облигациялар және қарыздар)	69 120 000	14 100 000	0	20 000 000	0	0	0
Қазынашылық операциялар	3 028 011	6 463 653	7 587 409	7 232 788	4 682 930	6 801 763	1 526 786
Өзгелері	23 715 500	60 549 691	7 134 261	1 712 508	5 995 861	1 648 680	21 076 763
ШЫҒЫС	148 371 787	108 023 497	40 156 913	119 060 031	40 135 599	56 832 972	96 756 602
Астық сатып алу	9 120 000	36 532 783	24 355 189	41 431 941	27 621 294	41 624 960	27 749 974
Сақтау	2 856 346	3 412 752	2 527 860	2 847 615	1 971 907	2 290 477	1 308 459
Әкімшілік шығыстар	1 118 074	1 118 074	1 118 074	1 118 074	1 118 074	1 118 074	1 118 074
Сыйақы төлеу	11 727 239	12 391 927	8 863 333	9 860 000	5 731 667	8 360 000	1 583 333
Қарыздарды өтеу	122 211 528	52 198 000	0	60 000 000	0	0	0
Облигацияларды өтеу	0	0	0	0	0		60 000 000
Өзгелері	1 338 600	2 369 961	3 292 457	3 802 401	3 692 657	3 439 461	4 996 762
КЕЗЕҢНІҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЛДЫҚ	14 301 751	347 145	23 943 466	45 331 874	8 024 311	39 129 507	54 283 226
КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНДАҒЫ ҚАЛДЫҚ	347 145	23 943 466	45 331 874	8 024 311	39 129 507	54 283 226	37 838 359





ПРОСПЕКТ

третьего выпуска негосударственных облигаций в пределах второй облигационной программы

Полное наименование эмитента: акционерное общество «Национальная компания «Продовольственная контрактная корпорация»

Сокращенное наименование эмитента: АО «НК «Продкорпорация»

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций (облигационной программы, выпуска негосударственных облигаций в пределах облигационной программы) уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения негосударственных облигаций, описанных в проспекте, и не подтверждает достоверность информации, содержащейся в данном документе.

Должностные лица Эмитента подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно Эмитента и его размещаемых негосударственных облигаций.

В период обращения негосударственных облигаций Эмитент обеспечивает раскрытие информации на рынке ценных бумаг на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан о рынке ценных бумаг.

г. Астана, 2023 г.



